

ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН НЫҒМЕТ НҰРМАҚОВ

Р.М. Жумашев, т.ғ.д., профессор, **Ж.А. Карсыбаева**, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы
zhumashev_rymbek@mail.ru, gydita@mail.ru

Нығмет Нұрмақов Қазақстан тарихының күрделі кезеңінде Қазақ автономиясының үкіметін жетекшілік етті және басқарды. Дәл осы жылдары қазақ ауылы мен қоныс аударушылар қоныстанған елді мекендердің бүкіл әлеуметтік-экономикалық құрылымын түбегейлі бұзу басталды. Егістік және шабындық жерлерді қайта бөлу, ауыл халқының ауқатты және экономикалық белсенді бөлігінен барлық мүліктері мен малдарын тәркілеу, күштеп отырықшыландыру, соңынан мәжбүрлі ұжымдастыру, алаш интеллигенциясына қарсы Ф.И. Голощекиннің репрессиялық шаралары халықтың тіршілік негіздерін түбірімен бұзды.

Кеңес үкіметінің алғашқы күндерінен бастап-ақ Қарқаралыдағы іскер ұйымдастырушы, батыл күрескер Н.Нұрмақов кеңес өкіметінің жарлықтарын бұқараға түсіндіре білді. 1918 жылдың басында Қарқаралыда революциялық комитет құрылғанда Н.Нұрмақов оның жауапты төрағалығына сайланды. Қарапайым халық мұқтаж болып отырған көптеген әлеуметтік демократиялық шараларды жүзеге асыруға белсене қатысты. Аймақта қызыл гвардия отрядтарын құру ісін тікелей басқарды.

Азамат соғысы аяқталып, Қазақстанда кеңес құрылысы тамыр жайып, нығая бастаған дәуірде Н.Нұрмақов өмірінің жарқын кезеңдері басталды. 1920 жылы 16 наурызда Қарқаралы уездік-қалалық партия комитеті құрылды.

Революцияның сенімді жауынгері Нығмет Нұрмақовты большевиктер партиясының мүшелігіне қабылдайды.

«РКП(б) Киргизобкомының секретары Г.А. Коростелев кезінде Н.Нұрмақовқа берген мінездемесінде былай деп жазды: «Саяси табанды, қабылданған шараларды жүзеге асыруға іскерлік, жігерлік, белсенділік көрсетіп отырады. Партиялық жұмыста және қызметтес жолдастарымен қарым-қатынасында өнегелік танытады» [1, 18 б.].

Нығмет Нұрмақов 1920 жылы Семей губерниялық әскери-революциялық кеңестік бөлім меңгерушісі, атқару комитеті президиум мүшесі, әрі хатшысы болып сайланды. Дәл осы жылы Қазақстан автономиялық республика болып құрылуы туралы В.И. Ленин мен М.И. Калинин қол қойған декретке байланысты Орынбор қаласында шақырылған Қазақстан Кеңестерінің тұңғыш съезіне Семей губерниясынан Н.Нұрмақов делегат болып қатысты. Тұңғыш сайланған ОАК президиум мүшесі болып сайланады.

Заң саласында жүріп Нығмет сот ісіндегі қайшылықтарды, қиыншылықтарды жоюға, кейбір әділетсіз түрде жазаланған азаматтардың ақталуына ықпал жасайды. Мәселен, үкімет тарапынан «ұлтшыл буржуазия» өкіліне жатқызылып, қудалана бастаған қазақ зиялыларының бірі Жүсіпбек Аймауытовтың үстінен қылмыстық іс қозғалыс кезде, Н.Нұрмақов сот процесінде оның ақтығын дәлелдеп қорғағандардың бірі болды. Алайда, Ж.Аймауытов 1929 жылы 20 мамырда Қазақстандағы «ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар» деген сылтаумен тұтқынға алынып, оның үстінен қылмыстық іс қозғалып, Біріккен Саяси Басқарма (ОГПУ) шешімі бойынша 1930 жылы 4 сәуір күні оған ату жазасы кесілді [2, 9-10 б.].

Н.Нұрмақов халқымыздың ана тілін көтеру, тіл мәртебесін биіктету жолында қыруар жұмыстар жүргізді. Ол сот ісінің ана тілінде жүргізуін талап етті. Соның нәтижесінде көптеген аудандарда тергеу және сот істері қазақ тілінде жүргізілді. Ол жоғарғы орындардан губерниялық сот бөлімшелерін қысқартпауын және заң саласындағы қызметкерлердің жалақысын көбейтуді 1924 жылдың 11-18 қаңтар айында Орынборда өткен бірінші республикалық прокурорлар кеңесінде жасаған есепті баяндамасында ашық айтады.

Партиялық және мемлекеттік жұмыстың қай саласында жүрсе де, Н.Нұрмақов барлық күш-жігерін, ұйымдастырушылық дарыны мен білімін жаңа құрылыс ісіне жұмсайды. Ол қырғыз (қазақ) облыстық комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушілігін атқарған кездерде өз елінің саяси мәдениетін көркейтуге үлкен үлесін қосты. Нығмет РКП (б) Қазақстан Аймақтық Комитетінің органы болған «Қызыл Қазақстан» журналының кезекті редакторы да болады және осы журналға бірнеше мақаласын жариялады [3, 9-10 б.].

1923 жылы Мәскеуде ұлттық республикалар мен облыстардың жауапты қызметкерлерінің қатысуымен өткен РКП (б) Орталық Комитетінің кеңесінде ұлтшылдық бағыт ұстанушылар айыпталып, М.Сұлтанғалиев пен Т.Рұсқұлов саяси сынның соққысында қалды. 1923 жылдың 17-22 наурыз аралығында Орынборда өткен қазақ партия ұйымы III конференциясы өтіп, онда РКП (б) қазақ Бюросының мүшесі А.И. Вайнштейн баяндама жасап, Қазақстандағы «ұлтшылдықтың», «жікшілдік» шығу көздеріне тоқталып, бұл ағымдарды тудырған жәйттерді сынға алады. Үкімет билігінде жүрген қазақтарды, яғни С.Мендешов, А.Асылбеков, С.Сейфуллин, С.Сәдуақасов, Н.Нұрмақов, Ы.Мұстамбаев және тағы басқа зиялыларын «ұлтшыл» деп негізсіз айыптаудың қателігін айтып, аталған тұлғалар Е.М. Ярославскийге 14 адам қол қойған наразылық хаттарын жолдайды. Қазақ зиялылары И.Сталиннің ұлт саясатындағы позициясында сынға алады.

1924 жылы 5-10 қаңтар аралығында Кеңестердің бүкілқазақстандық IV съезі болып, онда Жетісу және Сырдария облыстарындағы қазақ аудандарын қосу, яғни Орта Азияның ұлттық территориясын межелеу мәселесі қарастырылған болатын. Сәуір айында РКП (б) ОК Ортаазиялық бюросы мен Түркістан Компартиясы ОК-інің біріккен мәжілісі өтіп, онда Орта Азияда межелеуді дайындау және өткізу мәселесіне қатысты арнайы комиссия құру туралы шешім қабылдайды. 1924 жылы 25 қыркүйекте межелеу ісіне қатысты РКП (б) ОК Саяси бюросының мәжілісі өтіп, оған Н.Нұрмақов қырғыз (қазақ) облыстық комитетінің өкілі ретінде қатысады. Ал 1925 жылы Қазақстан коммунистерінің V өлкелік конференциясында «Орта Азия республикаларының мемлекеттік-ұлттық бөлінуі және Қазақстанның дау перспективалары» атты баяндама жасап, бірнеше ұсыныстар айтады [4, 28 б.]. Бұл кезде ол БКП (б) қырғыз (қазақ) облыстық комитетінің бөлім меңгерушісі қызметін атқарып жүрген еді.

1924 жылдың аяғына қарай Орта Азия мен Қазақстанның ұлттық мемлекеттік межелері анықталып, заңдастырылды. Жас республикада қабілеті де іскер кеңестік мемлекеттік аппарат құру қажет болды. Осындай жауапты кезеңде Н.Нұрмақов Қаз АКСР ХКК төрағалығына жоғарлатылды. Республика өкіметін 5 жыл басқарған Н.Нұрмақов Қазақстан экономикасы мен мәдениетін жедел дамыту жайында көптеген түбірлі шаралардың жүзеге асырылуына ұйтқы, талантты ұйымдастырушысы болды.

Н.Нұрмақов ХКК төрағасы болып тұрған шақта Қазақстанда жаңа экономикалық саясатты дұрыс жүзеге асыру, ауылды кеңестендіру, қазақ еңбекшілдерін бірте-бірте отырықшылыққа көшіру, ауылда мәдениет жорығын бастау, ежелден тек күштілердің ғана меншігінде болып көптеген шұрайлы егіндік, шабындық жерлерді кедей шаруалардың пайдалануына әперу, мектеп ашу, әйел теңдігін қорғау, саяси мәдени шаралар күн тәртібіндегі кезек күттірмейтін мәселелер еді.

Ресей Мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарихы архивінде сақталған 1925-1929 жылдардағы БКП (б) Қазкрайкомның Бюро отырыстарының стенограммаларында Ф.Голощекиннің басшылығымен жүргізілген әлеуметтік-экономикалық «түрлендірулерімен» қатысты сұрақтар бойынша Н.Нұрмақовтың келіспеушілігіне байланысты оны атқаратын қызметінен босату туралы бірнеше шешімдер бар. Сонымен қатар, бұл шешімдер бірнеше рет қайта қарастырылған. Нәтижесінде Қазақ өлкелік партия комитетінің хатшысы Ф.Голощекин өз дегеніне жетіп, Қазақ АКСР Совнарком Төрағасы етіп барынша икемді және бағына білетін О.Исаевты тағайындайды. Республиканық Совнарком Төрағалығы қызметінен Н.Нұрмақовты алып тастауды көздеген өз мақсаты үшін Ф.Голощекин Н.Нұрмақовқа қарсы жала мен тікелей беделін түсіру әдістерін қолданды. Жекелеп алғанда, бір отырыста ол

Н.Нұрмақовты зайыбы – Зуфнун Ибраевнаның әлеуметтік шыққан тегін жасырғаны үшін айыптап сөз сөйледі. Ф.Голощекин большевиктердің партиясы қатарына өткен кезде Н.Нұрмақов өз зайыбының байлар отбасынан шыққандығы туралы фактіні жасырды деп айтты. Өз сөздерін дәлелдеу үшін Ф.Голощекин Семейден «белсенді» - активисті шақырды.

Зуфнун Ибраевна бұл факті туралы айта отырып, өз әкесінде соншалықты айтарлықтай байлық пен мүліктің болмағандығын айтқан. Керісінше отбасы орташа қамтамасыз етілген болған және әкесі адамның өміріндегі білімнің маңыздылығын жақсы түсінген. Сондықтан әкесі оны қыздарға арналған 2 жылдық орыс мектебіне берген, ол мектепті 1917 жылдың Ақпан революциясына дейін аяқтаған. Мектептің арқасында Зуфнун Ибраевна қазақ және орыс тілдерінде еркін сөйлеген.

Зуфнун Ибраевнаның өзі 1937 жылдың тамызында Н.Нұрмақов қамауға алынғаннан кейін бір айдан соң тұтқындалған. Ол 1954 жылға дейін Воркута, Норильск және Карлаг лагерлерінде қамауда ұсталған. Карлагта ол Ұлы Отан соғысы жылдары бес жыл бойы 1942 жылдан 1947 жылға дейін болған. Н.С. Хрущев билік еткен кезеңде партиялық-кеңестік қызметкердің жұбайы ретінде реабилитацияға қол жеткізген. Оған Мәскеуде 2 бөлмелі пәтер мен профсоюз органдарынан жұмыс берілген.

Зуфнун Ибраевна маған Ф.Голощекиннің еш негізсіз Н.Нұрмақовтың атқарған жұмыстарына жиі сынап отырғандығын айтқан. Ол осындай қиын жылдары жүргізілген шаралардың тез арада нәтижеге қол жеткізу мүмкін болмағандығын түсіне отырып айтты. Сонымен қатар, бұл саяси және идеологиялық лозунгтар біржақты, примитивті түсіндірілгенін, қабылданғандығын атап өтті. Ал маңызды тапсырма жаңа қағидаға сай ауыл мен селоны қайта құру вульгаризацияланды, яғни бұрмаланды. Ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салты бар ауылдарда іс жүзінде ұжымдастыру идеясы қабылданбады. Сонда биліктен белгілі бір құзіреттіліктерді алған «белсенділердің» алдында большевиктердің саясатына деген шынайы адалдықтарын көрсету қажеттігі туындады.

«Негізсіз және жиі шағымдардың түсуі, адамға жұмыс жасау құлшынысын жою жағдайында Н.Нұрмақов өзін Қазақстан Совнаркомның төрағасы орнынан алып тастау туралы өтініш жазды. Партиялық-номенклатуралық жүйе жағдайында мұндай қызметтен алынулар тек қана Мәскеудегі большевиктер партиясының басшылығымен шешілетін. Оның отставкасын қабылдағаннан кейін мәскеулік басшылықты Н.Нұрмақов балаларды емдеу қажеттілігі туралы өзінің өтінішімен көндірді. Қызметінен босағаннан кейін көп ұзамай Мәскеуге партиялық қызметкерлерді оқытудың 6 айлық курсына шақыртылды. 1930 жылы Мәскеуге көшіп барды және Зуфнун Ибраевна поезд терезесінен станцияларда олардың аштықтан өлген адамдардың мәйіттерін көргендерін қайғыра отырып айтып берді. Жаппай аштықта ұшырауға кінәлі деп ол И.Сталин мен Ф.Голощекинді атады» [5].

1925 жылы Қазақстан өлкелік партия комитетінің хатшылығына Ф.И. Голощекин тағайындалды. Ф.И. Голощекин қазақ ауылын революциялық негізде құруға, яғни кеңестендіруге тырысты. Ол 1925 жылдың 1 желтоқсанында өткен Бүкілқазақстандық V конференцияда «ауылда кеңес үкіметі жоқ» деген мәлімдеме жасаған болатын. Сөйтіп, «Кіші Қазан» деп аталатын қазақ халқына теріс бағытын жүзеге асыруды қолға алды. Ол «сұлтановшыл», «рұсқыловшыл», «сәдуақасовшыл», «қожановшыл» және тағы басқа деп жікке бөлінудің, оларға қарсы шыққан оппозицияның басшысы ретінде дем берушісі мен ұйымдастырушылардың бірі де болды. «Ұлтшылдыққа», «топшылдыққа», «жікшілдікке» қарсы күресін үдетіп, олардың қатарына С.Мендешов, Т.Рысқұлов, С.Сейфуллин, Н.Нұрмақов және тағы басқа зиялыларды жатқызып, олардың қылмыстарын әшкерелеуді арнайы тексеру комиссиясына жүктейді. Қазақ зиялыларын бір-біріне айдап салу саясатын да қолданды.

Академик М.Қ. Қозыбаев көрсеткендей, кеңестер рөлін кемсітуге қарсы шыққан РКФСР ХКК Төрағасының орынбасары Т.Рысқұловқа, республика ХКК төрағасы Н.Нұрмақовқа, Ы.Мұстамбаевқа және басқаларға Кеңестерді партияға қарсы қойды, партиялық басшылықтан қол үзді деген айыптар тағады [6, 44 б.].

Кеңес өкіметінің байларға қарсы ашық шабуылы 1927 жылы оларды сайлау құқынан айырудан басталған болатын. Бұл ҚОАК-тің республикадағы сайлау науқанын жүргізу туралы арнайы нұсқауында көрініс тапты. Мұндай бүлікшіл қағида жергілікті жерлерде асыра сілтеушілікке душар етті. Байлармен қатар орташалар да, кедейлер де сайлау құқынан айырылды. 1928 жылғы 12 наурызда өткен Өлкелік партия комитеті бюросының мәжілісінде тәркілеу декреті жайлы Ф.И. Голощекин баяндама жасады. Ол декреттің жобасын жасауда қазақ коммунистерінің екі мәселеге: мал-мүлкі тәркіленген байлардың міндетті түрде жер аударылуына және тәркілеуді 2 ай мерзім ішінде аяқтауға көнбей отырғандықтарын айтып, қатты сынға алады. Өйткені ХКК төрағасы Н.Нұрмақов «Кейбір жолдастардың ойынша, біз шыға алмайтын тұйыққа тірелген секілдіміз, немесе бізді құтқаратын бір-ақ жол бар, байдың шаруашылығын экспроприациялау қажет. Менің ойымша, жолдастар, Қазақстанда Кеңес өкіметі өмір сүрген 9 жылдан кейін, бүгінгі жағдайда пролетариат мемлекетінің барлық билігіне иелік ете отырып, біз Қазан төңкерісінің алғашқы кезеңінде партия жүзеге асырған әдісті қайталамай, ауыл байларына басқаша әсер ете аламыз», -деп өз пікірін білдірді [7, 73 б.].

Декреттің жобасын қайта қарау үшін Ф.Голощекин бастаған жаңа комиссия құрылып, құрамына Н.Нұрмақов, Ж.Садуақасов, М.Тәгімов, И.Каширин, Ғ.Тоғжанов, Ұ.Құлымбетов енеді. Комиссияның жұмыс істеуіне бір күн ғана рұқсат беріледі. Сөйтіп ауылдардағы негізгі топ – батрақтар, кедейлер деп есептейтін, байлардың күшін салық саясатының көмегімен кооперацияны дамыту арқылы және басқа да жолдармен әлсіретуді ұсынған Н.Нұрмақовтың пікірі қолдау таппады.

Республика өкіметін 4,5 жыл басқарған Н.Нұрмақов Қазақстан экономикасы мен мәдениетін жедел дамыту жайында көптеген түбірлі шаралардың жүзеге асырылуына ұйытқы, талантты ұйымдастырушы болды.

Қазақстан экономикасын өркендету үшін Н.Нұрмақов басқарған өкімет Түркістан-Сібір темір жол магистралын салу мәселесін көтерді. Қазақстан сияқты ұлан-байтақ территориясы, аса мол пайдалы қазбалары бар өлкеге темір жол өте қажет еді. Осыған орай БК(б) П Қазақстан өлкелік VI конференциясы (1927 жылы қараша) өз қарарында республика территориясында темір жолдар салудың нақты шараларын белгіледі. «Орталық бұл идеяны қолдап, дереу оған басшылық ететін екі беделді комиссия құрды. Бұл комиссияның төрағалығына РКФСР ХКК төрағасының орынбасары Т.Рысқұлов пен республика ХКК төрағасы Н.Нұрмақов жетекшілік етті» [2, 180-181 б.].

Н.Нұрмақовтың басшылығымен Түркісіб құрылысын өрістетуде БК(б) П Қазақ өлкелік комитеті 1928 жылы ақпан айында Солтүстік және Оңтүстік аудандық партия комитетін құрды. 1928 жылдың өзінде-ақ Түркісбте мыңнан астам мүшесі бар жиырмаға жуық партия ұйымдары болды. Құрылысқа ұйымдастырушылық тәжірибесі бар 75 коммунист жіберілді, олардың 56-сы қазақтар еді. Олар құрылысшылардың белсенділігі мен инициативасын арттыруға, мектептер мен балалар бақшаларын ашып, сауатсыздықты жоюға мұрындық болды. Жұмысшылардың қоғамдық-саяси белсенділігі артты. Қызу қарқынмен жүргізілген құрылыс Түркістан-Сібір магистралі 1930 жылдың 1 мамырында уақытша пайдалануға берілді, сөйтіп ол өкімет белгілеген мерзімнен бір жарым жыл бұрын іске қосылды. Түркісбті салу Қазақстанды индустриаландыруға, жалпы оны әлеуметтік-экономикалық жағынан дамытуға бағытталған ірі қадам болды. Осындай ұлы істің басында іскер ұйымдастырушы Н.Нұрмақов тұрды.

Н.Нұрмақов елінің, халқының нағыз патриоты, жанашыры болып республиканың өркендеуіне үлес қосты. Әйгілі Екібастұз, Қарағанды, Ембі, Балқаш өндіріс орындары елге таныла бастады. 1926 жылы Қазақстан өкіметінің сұрауы бойынша КСРО ҒА республика жерін комплексті түрде зерттеуді ұйымдастырды. 1927 жылы КСРО ҒА-ның Қазақстандағы экспедициясының мал шаруашылық отряды Қарқаралы округімен танысып шықты. 1928-1930 жылдары МГУ жанындағы география ғылыми-зерттеу институты Қарқаралы округі гранит массивтерін геоморфологиялық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізді. 1920-1930

жылдарда Қарағандыда тас көмірдің орасан мол қоры бар екендігін дәлелдеген барлау және іздестіру жұмыстары жүргізілді.

Н.Нұрмақов ХКК төрағасы болып тұрған шақта Қазақстанда жаңа экономикалық саясатты дұрыс жүзеге асыру, ауылды кеңестендіру, қазақ еңбекшілерін бірте-бірте отырықшылыққа көшіру, ауылда мәдениет жорығын бастау, ежелден тек күштілердің ғана меншігінде болып көптеген шұрайлы егіндік, шабындық жерлерді кедей шаруалардың пайдалануына әперу, мектеп ашу, әйел теңдігін қорғау, саяси мәдени шаралар күн тәртібіндегі кезек күттірмейтін мәселелер еді. Аса күрделі кезеңде Н.Нұрмақов жас республиканың экономикасының, ауыр өнеркәсібі мен ауылшаруашылығының, мәдениет және білім жүйелерінің қажетті деңгейге көтерілуіне өзінің бар күшін, білімін жұмсай білді. Қазақстанның халық шаруашылығы біртіндеп құлаш жайды. Республиканың 1920-1930 жылдардағы индустриалдық дамуынан ауқымды әлеуметтік-экономикалық ахуал қанат жайды, бұған республиканың аграрлық өңірден индустриалды елге айналды, қалалардың өсуі мен республика халқының құрамында қала тұрғындарының басым болғанын жұмысшы табының, оның ішінде ұлттық кадрлардың, көбіне инженер-техникалық интеллигенцияның қанат жаюын, елдің ішінен басқа да әлеуметтік-демографиялық оң өзгерістерді жатқызуға болады. Сол жылдары өмірге жолдама алған мемлекеттік маңызды құжаттардың бәрінде Н.Нұрмақовтың қолы тұрды. Сонымен қатар, ол Қазақстанның бірінші Конституциясының жобасын жасауға, сондай-ақ шығыс халықтарының әліпбиін құруға қатысты. Шығыс халықтарының әліпбиін құруға арналған Бүкілодақтық комиссиясының мүшесі және қазақ әліпбиін құрастыру комитетінің төрағасы болады. Бұл комитет құрамында К.Тоқтабаев, О.Жандосов, Ә.Байділдин, Ә.Ермеков, Ғ.Тоғжанов, Т.Шонанов, Ғ.Орманбаев, Б.Малдыбаевтар болған. Комитет қазақ алфавитінің қажеттілігі турасында пікірталас өткізіп, оның қорытындыларын 5 баспа табақтық қазақ тіліндегі екі кітапта жариялайды. Н. Нұрмақов екі айлық жаңа әліпбидің әрібін терушілер курсына ашуға және бұл курстың үздіксіз адамдарды қабылдауын қадағалады. Сондай-ақ Ақтөбе, Орал-Бөкей губернияларында жаңа әліпбидің маңыздылығын насихаттайтын губерниялық комитет құруға және барлық істерді қазақ тілінде жүргізілуіне ұйытқы болады.

Қорытындылай келе, Н.Нұрмақов социалистік құрылыс ісін жүзеге асырудағы, ұйымдастырудағы көрнекті - басшылардың бірі. Ол өзінің іскерлігіменен, білімділігімен жетекші қоғам қайраткері ретінде өзін қоғамға танытты.

1937-1938 жылдардағы тоталитарлық жүйе қыспағынан зиялыларымыздың тең жартысы қуғын-сүргінге ұшырады. Қазақстанның Т.Рысқұлов, С.Қожанов, Ұ.Құлымбетов, О.Исаев, О.Жандосов, Ә.Досов, А.Асылбеков, Ж.Сұлтанбеков, Т.Жүргенов, Ж.Садуақасов, Н.Сырғабеков сынды мемлекет және қоғам қайраткерлері «буржуазиялық ұлтшылдар» деген айып тағылып, атылды. Кеңес үкіметіне адал қызмет жасаған Н.Нұрмақов та қара тізімге ілікті. Қазақ халқы өзінің білікті басшы, шебер ұйымдастырушы бола білген дара тұлғаларынан осылайша мәңгілікке айрылды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сармурзин А. Нарком – Нығымет Нұрмақов. Парасат. – 1994. №8 – 14- 23 б.б.
2. Нұрмақов Н. Шығармалар жинағы / Н.Нұрмақов. - Алматы: Алаш, 2005. - 280 б.
3. Файзуллаев Ә., Қабдешев Б. Юстиция Халық комиссарлары. Алматы. – 1999. - А. : Жеті жарғы, 1999. – 344 с.
4. Омарбеков Т. 1920-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы. - Алматы: Санат, 1994. - 272 б.
5. З.Ибраевнадан т.ғ.д. Р.М. Жумашевтің алған сұхбатынан үзінді.
6. Қозыбаев М.Қ. Ақтаңдақтар ақиқаты. Оқу құралы. - Алматы, 1992. - 263 б.
7. Михайлов В. Ұлы жұттың жазбалары. - Алматы: Дәуір, 1992. - 228 с.